

|                                                                                   |                                                                                                                                                                                             |             |  |
|-----------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|--|
|  | <p align="center">«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ<br/>       НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ<br/>       С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</p> |             |  |
| ЕК, АҚ және ҚТ, ОҚ бөлімі                                                         | Ереже                                                                                                                                                                                       | Редакция І  |  |
|                                                                                   |                                                                                                                                                                                             | І-ден І бет |  |



**Бекітемін**  
**Басқарушы директор**  
**М. Жумадилов**

2026ж.

## «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ аумағында өнім берушілердің жұмыстарды қауіпсіз орындау тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

### 1-бөлім. Жалпы ережелер

**1.1.** «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ аумағында өнім берушілердің жұмыстарды қауіпсіз орындау тәртібі туралы осы Ереже (бұдан әрі – **Ереже**) Университеттің аумағында, ғимараттарында, құрылыстарында және өзге де объектілерінде өнім берушілердің жұмыстарды қауіпсіз орындауын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

**1.2.** Осы Ереженің талаптары Университет аумағында жұмыстарды орындайтын Өнім берушілерге, олардың жұмыскерлеріне, өкілдеріне, сондай-ақ Өнім беруші тартқан косалқы мердігер ұйымдарға (бірлесіп орындаушыларға) қолданылады.

**1.3.** Осы Ереженің талаптары жұмыстарды орындауға рұқсат ресімделген сәттен бастап жұмыстар толық аяқталғанға дейін, оның ішінде жұмыстар орындалған орынды қауіпсіз күйге келтіруді қоса алғанда, орындау үшін міндетті болып табылады.

**1.4.** Осы Ереже шарт талаптарымен, Университет аумағында өнім берушілердің жұмыстарды қауіпсіз орындауы және болуы кағидаларымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен бірге қолданылады.

### 2-бөлім. Өнім берушіні жұмыстарды орындауға жіберуді ұйымдастыру

**2.1.** Жұмыстарды бастауға дейін Өнім беруші осы Ережеде, шарт талаптарында және Университеттің өткізу режимінде белгіленген тәртіппен Университет аумағына кіруге және жұмыстарды орындауға рұқсатты ресімдеуге міндетті.

**2.2.** Университет аумағына кіруге рұқсатты ресімдеу үшін Өнім беруші шарттың орындалуына жауапты Университеттің құрылымдық бөлімшесіне осы Ереженің № 1 қосымшасына сәйкес мәліметтер мен құжаттарды ұсынады.

**2.3.** Шарттың орындалуына жауапты Университеттің құрылымдық бөлімшесі Өнім беруші ұсынған мәліметтер мен құжаттардың негізінде Университет аумағына кіруге рұқсатты ресімдеу мәселелері бойынша



Университеттің уәкілетті құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылды ұйымдастырады.

**2.4.** Жұмыстарды орындауға рұқсатты ресімдеу үшін Өнім беруші еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, азаматтық қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі саласындағы функцияларды жүзеге асыратын Университеттің құрылымдық бөлімшесіне осы Ереженің № 2 қосымшасына сәйкес мәліметтер мен құжаттарды ұсынады.

**2.5.** Осы Ереженің № 2 қосымшасында көзделген мәліметтер мен құжаттарды ұсыну Өнім берушінің осы Ереженің талаптарын орындағанын растайды және оны Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнамасында көзделген міндеттерді орындаудан босатпайды.

**2.6.** Университет аумағында жұмыстарды орындауға осы Ереженің № 1 және № 2 қосымшаларына сәйкес мәліметтері ұсынылған Өнім берушінің жұмыскерлері ғана жіберіледі.

**2.7.** Жұмыскерлер ауыстырылған, қосымша жұмыскерлер тартылған, көлік құралдарының, жабдықтардың, жауапты тұлғаның тізбесі немесе рұқсатты ресімдеу үшін ұсынылған өзге де мәліметтер өзгерген жағдайда Өнім беруші жұмыстарды бастауға дейін Университеттің тиісті құрылымдық бөлімшесіне өзектендірілген мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға міндетті.

**2.8.** Шартты орындауға қосалқы мердігер ұйымдар (бірлесіп орындаушылар) тартылған жағдайда Өнім беруші олар жұмыстарды бастағанға дейін осы Ереженің № 1 және № 2 қосымшаларында көзделген мәліметтер мен құжаттарды осындай әрбір ұйымға қатысты ұсынады.

**2.9.** Осы бөлімнің талаптары шартты орындауға Өнім беруші тартқан қосалқы мердігер ұйымдардың (бірлесіп орындаушылардың) жұмыскерлеріне, көлік құралдарына, жабдықтарына, өзге де мүлкіне, сондай-ақ олардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қолданылады. Өнім беруші олардың осы Ереженің талаптарын сақтауына жауапты болады, ал олардың Университет аумағында жұмыстарды орындау кезіндегі әрекеттері (әрекетсіздігі) Өнім берушінің әрекеттері (әрекетсіздігі) ретінде қаралады.

**2.10.** Университет мынадай жағдайларда Университет аумағына кіруге немесе жұмыстарды орындауға рұқсатты ресімдеуден бас тартуға құқылы:

1) осы Ереженің № 1 және (немесе) № 2 қосымшаларында көзделген мәліметтер мен құжаттар ұсынылмаған жағдайда;

2) толық емес немесе анық емес мәліметтер ұсынылған жағдайда.

**2.11.** Университет аумағына кіруге және жұмыстарды орындауға рұқсат ресімделгенге дейін жұмыстарды орындауға жол берілмейді.

**2.12.** Рұқсатты ресімдеуден бас тартуға негіз болған себептер жойылғаннан кейін Өнім беруші осы Ережеде белгіленген тәртіппен мәліметтер мен құжаттарды қайтадан ұсынуға құқылы.

### **3-бөлім. Университеттің өкілеттіктері**

**3.1.** Университет өз құзыреті шегінде Өнім берушінің осы Ереженің, Университет аумағында өнім берушілердің жұмыстарды қауіпсіз орындауы және болуы қағидаларының, шартқа немесе осы Ережеге сәйкес Өнім беруші үшін міндетті болып табылатын Университеттің өзге де жергілікті актілерінің, сондай-



ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауына бақылауды жүзеге асырады.

**3.2. Бақылауды жүзеге асыру кезінде Университет:**

- 1) жұмыстар орындалатын орындарға баруға және оларды карап-тексеруге;
- 2) анықталған бұзушылықтарды тіркеуге;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында, шартта немесе осы Ережеде көзделген құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;
- 4) осы Ережеде көзделген талаптарды Өнім берушіге қоюға құқылы.

**3.3.** Осы Ереженің, Университет аумағында өнім берушілердің жұмыстарды қауіпсіз орындауы және болуы қағидаларының, шарт талаптарының немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарының бұзылуы анықталған жағдайда Университет өкілдері Өнім берушіден анықталған бұзушылықтарды жоюды талап етуге құқылы.

Бақылау нәтижелері қажет болған жағдайда актімен, қызметтік жазбамен немесе Университетте қолданылатын өзге де құжатпен ресімделеді.

**3.4.** Егер анықталған бұзушылықтар адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндірсе не өрттің, аварияның немесе өзге де төтенше жағдайдың туындауына әкеп соғуы мүмкін болса, Университет өкілдері Өнім берушіден:

- 1) анықталған бұзушылықтарды дереу жоюды;
- 2) қорғаныш және сигналдық қоршауларды орнатуды, ескерту белгілерін орналастыруды, қауіпті аймаққа қолжетімділікті шектеуді, білім алушылардың, Университет жұмыскерлері мен келушілерінің қауіпсіз жүріп-тұру маршруттарын ұйымдастыруды, сондай-ақ қауіпті жою үшін қажетті өзге де қауіпсіздік шараларын қабылдауды;
- 3) бұзушылықтар жойылғанға дейін жұмыстарды толық немесе ішінара тоқтатуды талап етуге құқылы.

**3.5.** Егер адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп Өнім беруші жұмыскерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) байланысты болса, Университет өкілдері Өнім берушіден мұндай жұмыскерді жұмыстарды орындаудан шеттетуді және мұндай талап қоюға негіз болған мән-жайлар жойылғанға дейін оны Университет аумағынан шығаруды талап етуге құқылы.

**3.6.** Өнім берушінің Университет өкілдерінің осы Ережеге сәйкес қойылған талаптарын орындамауы жұмыстарды орындау талаптарын бұзу болып табылады және шартта әрі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шаралардың қолданылуына әкеп соғады.

**3.7.** Университеттің бақылауды жүзеге асыруы, бұзушылықтарды жою туралы талаптар қоюы, бақылау нәтижелерін ресімдеуі және осы Ережеде көзделген өзге де шараларды қолдануы Университеттің жұмыс берушінің, техникалық басшының немесе жұмыстарды қауіпсіз ұйымдастыруға және жүргізуге жауапты тұлғаның міндеттерін өзіне қабылдағанын білдірмейді.

Өнім беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында, шартта және осы Ережеде көзделген міндеттерді дербес орындайды.

#### **4-бөлім. Өнім берушінің міндеттері**

**4.1.** Өнім беруші Университет аумағында жұмыстардың қауіпсіз орындалуын дербес ұйымдастырады және Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Ереженің, Университет аумағында өнім берушілердің



жұмыстарды қауіпсіз орындауы және болуы қағидаларының, шарт талаптарының сақталуына, сондай-ақ өз жұмыскерлерінің, өкілдерінің және тартылған қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жауапты болады.

**4.2.** Өнім беруші жұмыстар орындалатын орынды қауіпсіз жағдайда ұстауды қамтамасыз етуге, оның ішінде қажетті қорғаныш және сигналдық қоршауларды орнатуға, ескерту белгілерін орналастыруға, қауіпті аймақтарға қолжетімділікті шектеуге, өту жолдары мен эвакуация жолдарын бос ұстауға, сондай-ақ адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті өзге де шараларды қабылдауға міндетті.

**4.3.** Өнім беруші Университет аумағында жұмыстарды орындау кезінде орын алған оқиғалар, авариялар, өрттер, жазатайым оқиғалар және адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіретін немесе төндіруі мүмкін өзге де мән-жайлар туралы Университетті дереу хабардар етуге міндетті.

**4.4.** Өнім беруші осы Ережеге сәйкес бақылауды жүзеге асыру үшін Университет өкілдерінің жұмыстар орындалатын орындарға кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге міндетті.

## **5-бөлім. Қорытынды ережелер**

**5.1.** Осы Ереже Университет аумағында жұмыстарды орындайтын Өнім берушілердің, олардың жұмыскерлерінің, өкілдерінің және тартылған қосалқы мердігер ұйымдардың (бірлесіп орындаушылардың) орындауы үшін міндетті болып табылады.

**5.2.** Осы Ереженің талаптарын сақтамау Университет аумағында жұмыстарды орындаудың белгіленген тәртібін бұзу болып есептеледі және шартта әрі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шараларды қолдануға негіз болуы мүмкін.

**5.3.** Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына, шарт талаптарына, Университет аумағында өнім берушілердің жұмыстарды қауіпсіз орындауы және болуы қағидаларына, сондай-ақ сақталуы шартта немесе осы Ережеде көзделген Университеттің өзге де жергілікті актілеріне сәйкес реттеледі.

**5.4.** Осы Ереже бекітілген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және оның күші жойылғанға немесе жаңа редакциясы бекітілгенге дейін қолданылады.

ЕҚ, АҚ және ҚТ, ӨҚ бөлімінің басшысы



М. Избасарова

ЕҚ, АҚ және ҚТ, ӨҚ бөлімінің инженері



Е. Джамалов



**Университет аумағына кіруге рұқсатты ресімдеу үшін Өнім беруші  
ұсынатын мәліметтер мен құжаттардың тізбесі**

| № | Мәліметтердің (құжаттардың) атауы                                                                                | Ескертпе                                                                                     |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Университет аумағына кіруге рұқсатты ресімдеуге арналған хат (өтінім) (шарттың нөмірі мен күні көрсетіле отырып) | Өнім берушінің басшысы немесе уәкілетті тұлға қол қояды                                      |
| 2 | Рұқсат ресімдеу талап етілетін жұмыскерлердің тізімі                                                             | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН көрсетіледі                                         |
| 3 | Жұмыскерлердің жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмелері                                                 | Өткізу режиміне сәйкес Университет аумағына кіруге рұқсатты ресімдеу үшін ұсынылады          |
| 4 | Көлік құралдары туралы мәліметтер                                                                                | Маркасы, моделі, мемлекеттік тіркеу нөмірі, жүргізушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) |
| 5 | Әкелінетін жабдыктар, құрал-саймандар, механизмдер және өзге де материалдық құндылықтар туралы мәліметтер        | Атауы, саны, болған жағдайда – зауыттық (сериялық) нөмірі                                    |

**Ескертпе:**

Осы қосымшада көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда, Өнім беруші өзектендірілген мәліметтерді ұсынуға міндетті.



**Жұмыстарды орындауға рұқсатты ресімдеу үшін Өнім беруші ұсынатын  
мәліметтер мен құжаттардың тізбесі**

| № | Мәліметтердің (құжаттардың)<br>атауы                                                                      | Ескертпе                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|---|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Жұмыстарды қауіпсіз орындауға дайын екендігі туралы кепілдік хат                                          | Өнім беруші Қазақстан Республикасы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, азаматтық қорғау және өзге де қолданылатын заңнама талаптарының сақталуын растайды, жұмыстардың қауіпсіз ұйымдастырылуы мен орындалуын қамтамасыз етеді, тиісті жұмыс түрлерін орындау үшін қажетті рұқсаттардың, рұқсатнамалардың және өзге де міндетті құжаттардың бар екенін растайды, сондай-ақ аталған талаптардың сақталуына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады. |
| 2 | Объектіде жұмыстарды қауіпсіз орындауға жауапты тұлғаның тағайындалғанын растайтын құжат                  | Өнім беруші ұсынады, ал қосалқы мердігер ұйымдар тартылған жағдайда – әрбір қосалқы мердігер ұйым бойынша да ұсынылады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| 3 | Жұмыстарды тікелей орындайтын жұмыскерлердің тізбесі                                                      | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы (мамандығы), міндетті медициналық қарап-тексеруден өткені туралы мәліметтер (иә/жоқ, өткен күні) көрсетіледі.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| 4 | Өнім беруші мен қосалқы мердігер ұйым арасында жасалған шарттың көшірмесі (немесе шарттан үзінді көшірме) | Тек қосалқы мердігер ұйым тартылған жағдайда ұсынылады. Шарттың тараптары, нысанасы және қолданылу мерзімі туралы мәліметтерді қамтитын үзінді көшірмені ұсынуға жол беріледі.                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |

**Ескертпе:**

Осы қосымшада көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда, Өнім беруші өзектендірілген мәліметтерді ұсынуға міндетті.



**«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті»  
КеАҚ аумағында өнім берушілердің жұмыстарды қауіпсіз орындауы және  
болуы қағидалары**

**1-бөлім. Жалпы ережелер**

**1.1.** Осы Қағидалар Университет аумағында Өнім берушілердің болуына және жұмыстарды қауіпсіз орындауды ұйымдастыруға қойылатын міндетті талаптарды белгілейді.

**1.2.** Осы Қағидалардың талаптары Университет аумағында жұмыстарды орындайтын Өнім берушілерге, олардың жұмыскерлеріне, өкілдеріне, сондай-ақ тартылған қосалқы мердігер ұйымдардың (бірлесіп орындаушылардың) жұмыскерлеріне қолданылады және олар үшін міндетті болып табылады.

**1.3.** Өнім беруші Университет аумағында жұмыстарды орындайтын барлық адамдардың осы Қағидаларды сақтауын қамтамасыз етуге міндетті.

**2-бөлім. Университет аумағында болу қағидалары**

**2.1.** Өнім берушінің жұмыскерлері Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Қағидаларды, қоғамдық тәртіпті, іскерлік әдеп нормаларын сақтауға, сондай-ақ Университеттің жұмыскерлеріне, профессорлық-оқытушылық құрамына, білім алушыларына, келушілеріне және Университет аумағында болатын өзге де адамдарға құрметпен қарауға міндетті.

**2.2.** Өнім берушінің жұмыскерлері Университет аумағында орындалатын жұмыстардың сипатына сәйкес келетін ұқыпты киімде болуы тиіс.

**2.3.** Университет аумағында жалаңаш кеудемен немесе жалпыға бірдей қабылданған мінез-құлық нормаларына қайшы келетін киіммен жүруге тыйым салынады.

**2.4.** Өнім берушінің жұмыскерлеріне:

1) Университет аумағында алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масан күйде болуға;

2) алкогольдік ішімдіктерді, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және олардың аналогтарын пайдалануға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Университеттің жергілікті актілерінде темекі шегуге тыйым салынған орындарда темекі шегуге;

4) балағат сөздер айтуға, агрессивті, қорлайтын немесе өзге де әдепке жат мінез-құлық көрсетуге;

5) Университеттің жұмыскерлерімен, профессорлық-оқытушылық құрамымен, білім алушыларымен және келушілерімен жанжалға түсуге;

6) өндірістік қажеттіліксіз оқу аудиторияларына, зертханаларға, қызметтік кабинеттерге, киім ауыстыратын бөлмелерге, тұрмыстық және жұмыстарды орындауға қатысы жоқ өзге де үй-жайларға кіруге;

7) Университеттің жұмыскерлерінің, профессорлық-оқытушылық құрамының, білім алушыларының, келушілерінің және өзге де адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін бұзатын әрекеттер жасауға тыйым салынады.



### **3-бөлім. Жұмыстарды қауіпсіз орындауға қойылатын талаптар**

**3.1.** Өнім беруші жұмыстарды Университет аумағында болатын жұмыскерлердің, профессорлық-оқытушылық құрамның, білім алушылардың, келушілердің және өзге де адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру қаупін болдырмайтындай етіп ұйымдастыруға міндетті.

**3.2.** Жұмыстарды орындау кезінде Өнім беруші бөгде адамдардың қауіпті аймақтарға кіруінің алдын алу үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдауға міндетті.

**3.3.** Қажет болған жағдайда қауіпті аймақтар ескерту белгілерімен, сигналдық коршаулармен немесе адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өзге де құралдармен белгіленуге тиіс.

**3.4.** Ортақ пайдаланылатын орындарда жұмыстарды орындаған жағдайда Өнім беруші Университеттің жұмыскерлерінің, профессорлық-оқытушылық құрамының, білім алушыларының, келушілерінің және өзге де адамдардың қауіпсіз жүріп-тұруын қамтамасыз етуге, ал бұл мүмкін болмаған жағдайда Университеттің жауапты тұлғасымен келісу арқылы жұмыстар жүргізілетін учаскеге қолжетімділікті уақытша шектеу жөніндегі қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

**3.5.** Жұмыстарды орындау кезінде Өнім беруші Университеттің ғимараттарының, құрылыстарының, инженерлік коммуникацияларының, жабдықтарының және өзге де мүлкінің бүлінуіне жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

### **4-бөлім. Кезектен тыс жағдайлар туындаған кездегі іс-қимылдар**

**4.1.** Апат, өрт, жазатайым оқиға немесе адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін өзге де жағдай туындаған кезде Өнім беруші жұмыстарды дереу тоқтатуға, қауіпті жағдайдың одан әрі өршуіне жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға және шарттың орындалуын сүйемелдеуді жүзеге асыратын Университеттің жауапты тұлғасына, ал ол болмаған жағдайда тиісті құрылымдық бөлімшенің басшысына хабарлауға міндетті.

**4.2.** Осы Қағидалардың 4.1-тармағында көрсетілген мән-жайлар жойылғаннан кейін жұмыстарды қайта бастауға Университеттің жауапты тұлғасымен келісілген жағдайда ғана жол беріледі.

### **5-бөлім. Қорытынды ережелер**

**5.1.** Осы Қағидалардың талаптарын сақтамау Университет аумағында жұмыстарды орындау тәртібін бұзу болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында, шартта және «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ аумағында өнім берушілердің жұмыстарды қауіпсіз орындау тәртібі туралы ережеде көзделген шараларды қолдануға негіз болуы мүмкін.